

**Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 12 тамыздағы N 62 "Аз қамтылған отбасылары және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге сонымен қатар аурулығына байланысты I-II-III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 124 шешімі. Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 5 мамырда N 3-2-77 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 шілдедегі № 257 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2011.07.28 № 257 Шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95 Бюджеттік Кодексінің 56 бабының 4 тармағына және облыс әкімдігінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 80 "16 жасқа дейінгі балалар-мүгедектері бар отбасыларға қосымша көмек көрсету туралы" 2007 жылғы 10 мамырдағы N 156 Ақтөбе облыстық әкімдігінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қаулысына" сәйкес **аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық мәслихаттың Әйтеке би аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 22 тамызда N 3-2-60 санымен тіркелген 2008 жылғы 18 қыркүйекте аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінің N 38 (1497) санында жарияланған, 2008 жылғы 12 тамыздағы N 62 "Аз қамтылған отбасылары және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге сонымен қатар аурулығына байланысты I-II-III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне (Әйтеке би аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда N 3-2-71 санымен тіркелген 2009 жылғы 5 наурызда аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінің N 11-12 (1522-1523) санында жарияланған, 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 99 "Аз қамтылған отбасылары және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге сонымен қатар аурулығына байланысты I-II-III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешіміне енгізілген өзгерістерді ескере отырып), мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауына "Аз қамтылған отбасылары және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге" деген сөздерден кейін "сонымен қатар аурулығына байланысты I-II-III топтағы мүгедектерге" деген сөздер алынып тасталсын.

шешімнің 2 тармағындағы "Төменгі және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге" деген сөздерден кейін "сонымен қатар аурулығына байланысты І-ІІ-ІІІ топтағы мүгедектерге" деген сөздер алынып тасталсын.

шешімнің 4 тармағындағы "төменгі және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге" деген сөздерден кейін "сонымен қатар аурулығына байланысты І-ІІ-ІІІ топтағы мүгедектерге" деген сөздер алынып тасталсын.

шешімнің 6 тармағындағы "төменгі және ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге" деген сөздерден кейін "сонымен қатар аурулығына байланысты І-ІІ-ІІІ топтағы мүгедектерге" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешім ресми басылымда жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудандық мәслихаттың</i>	<i>Аудандық мәслихаттың</i>
<i>сессия төрағасы</i>	<i>хатшысы</i>
<i>С.ТОЙШЫМАНОВ</i>	<i>А.ЕРМАҒАМБЕТ</i>